

**«БЕКІТЕМІН»**  
Алматы қаласы  
Спорт басқармасының  
«№2 ОРМБЖМ» МКҚК басшысы  
М.А.Темирбаев

«11» ақпан 2025 жыл

## **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Алматы қаласы Спорт басқармасы «№2 Олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» МКҚК-ның (бұдан әрі - Квазимемлекеттік сектор субъектісі) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясаты (бұдан әрі - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы күрестің басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды азайту және (немесе) олардың зардаптарын жою. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының көрсетілген ережелері сыбайлас жемқорлықтың ықтимал фактілерін болдырмауға, сыбайлас жемқорлықты қатаң қабылдамау ахуалын қалыптастыруға бағытталған.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесін құруға бағытталған қызмет.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл - лауазымды адамдардың өз өкілеттіктері шегіндегі:

1) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша, оның ішінде сыбайлас жемқорлықтың себептерін анықтау және кейіннен жою бойынша (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу);

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу, жолын кесу және ашу бойынша (сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес) қызметі.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ережелері квазимемлекеттік сектор Субъектісінің барлық қызметкерлеріне қолданылады.

### **2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаты мен міндеттері**

5. Сыбайлас жемқорлықты қабылдамайтын және лауазымдық міндеттерін атқару кезінде адалдық пен сатылмаушылық қағидаттарын қамтамасыз ететін Кәсіпорын қызметкерлерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі мақсаты болып табылады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың міндеттері:

- 1) сыбайлас жемқорлықты туғызатын себептер мен жағдайларды жою;
- 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу;

3) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлерінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін, сондай-ақ оның қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сақтауға тәрбиелеу болып табылады.

### **3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шаралар**

7. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу келесі негізгі шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады:

1) қызметкерлерде сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына төзбеушілікті қалыптастыру:

- қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ҚР заңнамалық және өзге де актілерінің нормаларын түсіндіру;

- квазимемлекеттік сектор ұйымдарында анықталған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы қызметкерлердің назарына жеткізу;

- қызметкерлермен түсіндіру әңгімелерін жүргізу.

2) лауазымды адамдарға және қызметкерлерге, оның ішінде бос лауазымға орналасуға кандидаттарға біліктілік талаптарын қою;

3) кадр жұмысы практикасына лауазымды адамның өзінің қызметтік міндеттерін ұзақ, мінсіз және тиімді орындауы оны жоғары тұрған лауазымға тағайындау кезінде немесе оны көтермелеу кезінде міндетті түрде ескерілуге тиіс ережені енгізу;

4) қызметкерлерге, сондай-ақ үшінші тұлғаларға алаяқтық, теріс пайдалану және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген әдістермен басқа да заңға қарсы іс-әрекеттер жасауға қатысты белгілі фактілер немесе күдік туралы хабарлау құқығын қамтамасыз ету.

### **4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары**

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі негізгі бағыттар:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында бірыңғай саясат жүргізу;

- мемлекеттік органдармен, сыртқы ұйымдармен, сондай-ақ азаматтармен және азаматтық қоғам институттарымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзара іс-қимыл тетігін құру.

- қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға неғұрлым белсенді қатысуға тартуға, олардың санасында сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына теріс көзқарасты қалыптастыруға бағытталған әкімшілік және өзге де шараларды қабылдау.

- қызмет көрсету кезінде адалдықты, ашықтықты, адал бәсекелестікті және объективтілікті қамтамасыз ету.

9. Өзге қызметкердің, сондай-ақ үшінші тұлғаның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға көндіру фактілері туындаған жағдайда және/немесе қызметкерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға көндіруге қатысты белгілі фактілер немесе күдік туралы ақпараты бар қызметкерлер басшылықты дереу хабардар етуге міндетті.



10. Мұндай іс-әрекеттерді жасау туралы мәлімдемелер тексерілетін және қажет болған жағдайда, жауапкершілікке тартуды және уәкілетті мемлекеттік органдарды хабардар етуді қоса алғанда, өзінің қисынды аяқталуына дейін жеткізілетін болады.

### **5. Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу тәртібі**

11. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері:

1) мүдделер қақтығысының туындауының кез келген мүмкіндігін болдырмау жөнінде шаралар қолдануға;

2) пайда болған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы оған белгілі болысымен өзінің тікелей басшысын хабардар етуге;

3) мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөнінде өзге де шаралар қабылдауға міндетті.

12. Мүдделер қақтығысын болғызбау немесе реттеу мүдделер қақтығысының тарабы болып табылатын қызметкердің лауазымдық немесе қызметтік жағдайын өзгерте отырып, оны белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін атқарудан шеттетуге дейін болуы мүмкін.

### **6. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік**

13. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауаптылықта болады.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
комплаенс-қызметтің  
функцияларын орындаушы**



**Болатхан Г.Б.**